ПІКІР

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 1-5 том. Алматы, 2017. Ғылыми басылым. Толықтырылып, өңделіп екінші рет басылуы. Барлығы 4208 бет.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі ғылыми – зерттеу ұйымы ресмимәртебесіне ие іргелі мекеме, мәдениет ошағы. Аталмыш музейдің көп жылдық сан салалы еңбектерінің бірегейі – этнограф-ғалым Нұрсан Әлімбайдың жетекшілігі және ғылыми редакторлығымен атқарылған кешенді, іргелі зерттеу нәтижесінде ғылыми айналымға енгізілген «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты 5 томдық энциклопедиясы.Көпшілік қауымның сұранысына ие болған осы еңбектің 2017 толықтырылған екінші басылымы жарыққа шығып, қазақтың дәстүрлі қоғамы, мәдениеті мен этнографиясын зерттеуді жаңа сатыға көтеріп отыр.

Көпжылдық еңбектің нәтижесі болып табылатын бұл толымды бес томдық ғылыми еңбек халық санасынан ұмытылып, көмескіленіп бара жатқан ұғымдар мен атауларды жаңғыртып, дәстүрлі қазақ қоғамынан, қазақ халықының тамыры терең болмысынан жан-жақты білім алуға мүмкіндік береді.

4208 беттен тұратын басылымдағы 5846 мақалада он мыңнан астам этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларды қамтылған. Бұл осы этнографиялық энциклопедияның ұлттық мәдениеттің болмыс-бітімін зерделеуге арқау болатын, танымдық тағылымы өлшеусіз деректерге негізделген толымды еңбек екендігін дәлелдейді. Аталмыш басылымның ғылыми және ғылыми-танымдық тағылымымен қатар, тәжірибелік маңызы да ерекше. Энциклопедия ғалымдарға, жоғарғы және арнайы орта білім саласының мамандарына, қалың көпшілікке арналып отыр. Әсіресе, педагогика саласында маманданған студенттерге білім беруде, сондай-ақ, ғылыми-әдістемеліктұрғыдан үлкен сұранысқа ие.

Аталмыш бес томдық іргелі ғылыми энциклопедияның ғылыми маңыздылығы мен өзектілігін баса назарға ала отырып Мемлекеттік сыйлыққа лайық еңбек деп пікір білдіремін.

ҚазҰлтҚызПУ
Қоғамдық-гуманитарлық пәндер
кафедрасының меңгерушісі
Саяси ғылымдарының докторы,
доцент **Б.И.Иманбекова**

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КЕАҚ * НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» * HR қызметі HR служба